



Атырау қаласының Оқушылар орталығы қолөнер үйірмесінің жетекшісі Утепкалиева Разия және үйірме оқушысы Аружан Ержанқызы

Фетрадан жасалған "үкі" ойыншығы шеберлік сабағы

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, оқушылардың алған білімдерін өмірде өз бетінше қолдана білуін қадағалау және шығармашылық іскерліктерін арттыру.

Тәрбиелігі: Оқушыларды талғаммен жұмыс жасауға ептілікке, ұқыптылыққа, өнерді сүйеге, талмай еңбек етуге тәрбиелеу

Сабақтың түрі: жеке шеберлік сабағы

Керекті құралдар: Паралон, түрлі түсті фетра, өткір қайшы, ыссы клей, сызғыш, карандаш, картон үлгілері, мастер клейі

Сабақтың өту уақыты: 45 минут

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Практикалық жұмыс

3. Бағалау

4. Қорытындылау

Атырау қаласының Оқушылар орталығында қолөнер үйірмесінің жетекшісі Утепкалиева Разия «Фетрадан жасалған үкі ойыншығы» атты шеберлік сабағын қолөнер үйірме оқушысы Аружан Ержанқызымен өткізген болатын. Паралон арқылы жасалған үкі ойыншығының жасалу жолдарын түсіндіре отырып, практикалық түрде жүзеге асырды. Фетра -қазіргі заманауи талғамға сай материал, бұл арқылы көптеген көзтартарлық бұйымдармен тіпті қазақи оюлы өрнектелген кәжекейлерді де тігуге болатындығын осы жеке шеберлік сабағы көрсетті.



Арнайы паралонды алып, шар тәрізді етіп қайшы көмегімен қиып аламыз, үкі қауырсындарын көзін құлағын картоннан үлгі етіп қиып оны фетраға түсіреміз. Фетраны үшкір қайшы мен әдемілеп қиямыз, шар тәрізді паралонның төменгі жағынан бастап ретімен арнайы қиылған қауырсындарды жапсырамыз. Шамамен 32 қауырсын. Одан кейін тұмсығын, көздерін жапсырамыз. Төбесіне кекілін қойып құйрығын орналастырамыз.



Түрлі – түсті фетрадан жасалған бұйымдардың осындай да үлгілері бар